

Қазақстан Республикасының білім және мәдениет мекемелеріне есімдер беру және оларды қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 12 мамыр N 817

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ақмола, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы әкімдерінің, Қазақстан Республикасының тиісті министрліктерімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісілген:

а) мына білім және мәдениет мекемелеріне:

Ақмола облысы бойынша

Есіл ауданындағы N 145 орта мектепке - Таулы Қарабақта бітімгерлік миссиясы құрамында мемлекеттік тапсырманы орындау кезінде қайтыс болған, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің бұрынғы орынбасары Сайлау Серіковтың;

Алматы облысы бойынша

Қапал ауданының Арасан селосындағы орта мектепке - Қазақстан Республикасының көрнекті заңгер-ғалымы, ағартушы - Барлыбек Сырттановтың;

Қапал ауданының Қапал селосындағы N 2 орта мектепке - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, белгілі театр және кино актері Есболған Жайсаңбаевтың;

Панфилов ауданының Жаскент селосындағы мектеп-гимназияға - екі

мәрте Социалистік Еңбек Ері, колхоз өндірісінің ірі ұйымдастырушысы Николай Головацкийдің;

Атырау облысы бойынша

Атырау қаласындағы N 8 орта мектепке - белгілі мемлекет қайраткері Өтешқали Атамбаевтың;

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Қазталов ауданындағы Қараоба эстетикалық бейіндегі гимназияға - ақын, ағартушы, философ Ғұмар Қараштың;

Батыс Қазақстан облыстық филармониясына - халық артисі, композитор Ғарифолла Құрманғалиевтың;

Қостанай облысы бойынша

Жангелдин ауданындағы Қалам-Қарасу орта мектебіне - белгілі ақын
Ғафу Қайырбековтің;
Қызылорда облысы бойынша
Қызылорда қаласындағы N 144 орта мектепке - белгілі журналист,
жазушы Сақтапберген Әлжіковтың;
Маңғыстау облысы бойынша
Маңғыстау ауданының Шетпе селосындағы орта мектепке - ғалым,
педагог Мекерия Атымұлының;
Павлодар облысы бойынша

Лебяжі ауданындағы Қызыл әскер орта мектебіне - белгілі педагог, оқу-ағарту ісінің
ұйымдастырушысы Сәдуақас Сатыбалдиннің;
Павлодар қаласындағы N 4 балалар музыка мектебіне - Қазақстан Республикасының
халық артисі Суат Әбусейітовтың;
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша
Сайрам ауданындағы N 82 орталау мектепке - жауынгер-интернационалист Бахадыр
Нәметовтың;
Түркістан ауданындағы Бірлік орта мектебіне - Социалистік Еңбек Ері Ергеш
Изатуллаевтың;
Мақтаарал ауданындағы Талапты орта мектебіне - белгілі ақын Сабырхан
Асановтың;
Мақтаарал ауданындағы Бірінші мамыр орталау мектебіне - көрнекті педагог және
Қазақстанның ағарту ісінің ұйымдастырушысы Ябек Есенбековтың;
Алматы қаласы бойынша
Медеу ауданындағы N 1 балалар көркем-сурет мектебіне - Қазақстан

Республикасының халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің;
Алатау ауданындағы N 123 қазақ орта мектебіне - ғалым-ойшыл Қожа
Ахмет Яссауидің;
Алмалы ауданындағы N 136 қазақ орта мектебіне - қоғам
қайраткері, ақын, журналист Міржақып Дулатовтың;
N 2 республикалық спорт колледжіне - Қазақстан спортының
көрнекті ұйымдастырушысы Кәркен Ахметовтың есімдерін беру туралы;

б) мына білім және мәдениет мекемелерін:

Алматы облысы бойынша

Шелек ауданының Калинин атындағы орта мектебін - ұйғыр халқының қоғам қайраткері, педагог, ауыл шаруашылығының ұйымдастырушысы, Ұлы Отан соғысына қатысушы Әбіт Саттаров атындағы орта мектеп;

Атырау облысы бойынша

Құрманғазы ауданының Киров атындағы орталау мектебін - Азғыр орталау мектебі;

Қызылқоға ауданының Н.Крупская атындағы орта мектепті - ғалым,

қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлы атындағы орта мектеп;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

облыстық мемлекеттік архивтің Преснов филиалын - Мамлют филиалы;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Сайрам ауданының Чкалов атындағы орталау мектебін - Сансызбай Бекбосынов атындағы орталау мектеп;

Арыс қаласының Пушкин атындағы орта мектебін - Жұмабек Тәшенов атындағы орта мектеп;

Алматы қаласы бойынша

"Искра" кинотеатрын - Жамбыл Жабаев атындағы кинотеатр деп қайта атау туралы ұсыныстары қабылдансын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі